

БЕКІТЕМІН:

«Ермек Серкебаев атындағы «Өнер колледжі – өнердегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» КММ директоры

Р.А.Кашенева

20 \_\_\_\_\_ жылы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_.

**«Ермек Серкебаев атындағы өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» КММ-де дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес компаниясы аясындағы «Теңдік үшін уақыт» тақырыбындағы байқау ережесі**

АИТВ-инфекциясы проблемасы бойынша байқау АИТВ — инфекциясы проблемасынан зардап шеккен адамдарға қатысты стигманың қолайсыз салдарын еңсеру және кемсітушілікке жол бермеу арқылы АИТВ-инфекциясына қатысты тиімді алын алу жұмысына жәрдемдесуге бағытталған.

***Байқаудың мақсаттары:***

- АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға төзімділік деңгейін арттыру;
- студенттердің АИТВ-инфекциясын жұқтырмау дағдыларын дамыту;
- салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерсіз, қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру, студенттер арасында алдын алу іс-шараларын тарату.

***Байқаудың міндеті*** - АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигманы жеңу аспектісіне баса назар аудара отырып, АИТВ-инфекциясы проблемасына жұртшылықтың назарын аудару.

**БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Байқау 2022 ж. 21.11. - 2022 ж. 01.12. аралығында өткізіледі.

***БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ***

Байқауға 1-4 курс, барлық бөлімдердің студенттері қатысады.

***Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:***

1. Үздік презентация, АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша сурет;
2. АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша үздік шығармашылық жұмыс (өлең, эссе);
3. Колледж сайтында одан әрі орналастыра отырып, АИТВ-инфекциясы мәселесі бойынша үздік бейнеролик.

## **Байқау материалдары мен байқау қорытындыларын шығару**

Байқау материалдарын бағалауды және байқау жеңімпаздарын анықтауды «**Теңдік үшін уақыт!**» байқауын өткізу жөніндегі комиссия жүзеге асырады

### **Бағалау критерийлері:**

1. Үздік презентация номинациясы, АИТВ - инфекциясының алдын алу бойынша үздік сурет:

- АИТВ / ЖИТС -тің негізгі проблемаларын бөліп көрсету;
- презентация жобасын құру үшін ақпаратты таңдау; презентация жобасы кезіндегі логика мен ауысулар; презентация дизайны.

2. «Үздік шығармашылық жұмыс» номинациясы (өлең, эссе) ЖИТС және АИТВ қазіргі заманның маңызды мәселелері ретінде:

- сауаттылық және стилистика; тақырыпты ашу; өзіндік ерекшелік; жалпы әсер.

3. «АИТВ-инфекциясы мәселесі бойынша үздік бейнеролик», «Үздік жаттығу» номинациялары:

- байқау тақырыбын ашу дәрежесі;
- бейнероликтің өзіндік ерекшелігі (идеяның жаңалығы);
- ақпараттылық (материалды беру тереңдігі, логикалық байланыс);
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуы.

Байқау материалдарын комиссия дауыс беру арқылы он балдық шкала бойынша әрбір критерий бойынша бағалайды. Комиссияның шешімі қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Байқау жеңімпаздарына дипломдар беріледі.

